

# I. Жансүгіров "Құлагер" поэмасы

**Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты:**

9.1.1.1 әдеби шығармаға сюжеттік-  
композициялық талдау жасау

## «Миға шабуыл» әдісі

- Жылқы туралы не білеміз?
- Оның пайдасы бар ма?
- Суреттегі жылқыны суреттеп беріңдер.



# ҚЫЗЫҚТЫ МӘЛІМЕТ

\*\*\*

Басқа көптеген жануарларға қарағанда жылқы айналасын түрлі түсті реңкте көреді. Бірақ қызыл мен көк түсті ажырата алмайды. Тағы бір қызығы, жылқының көру аумағы 360 градус екендігі. Яғни, жылқы бір бағытқа қарап тұрғанда тек алдын ғана емес, арт жағын да толық көріп тұра алады. Сондай-ақ, жылқының көзі түн ішінде де өте жақсы көреді.

\*\*\*

Жылқы дегенді білдіретін ең қысқа сөз қай халықта екенін білесіңдер ме? Білмесеңдер, біліп алыңдар! Ол «ат» деген сөз. Ал «ат» деген сөздің қазақтікі екеніне ешкім таласа алмасы анық. Ал жылқы дегенді білдіретін ең ұзақ сөз перуан тайпасының үндістерінде екен. Олар жылқыны «Оквила упара кламару коалу накла ната» деп атайтын көрінеді.

\*\*\*

Дүние жүзі бойынша жылқының 160-тай түрі бар. Солардың ішінде тұқымы жағынан ең тазасы араб тұқымдас жылқы болып саналады екен.

\*\*\*

# «Құлагер» поэмасы

Ілияс Жансүгіровтың өнер тақырыбына арналған «Құлагер» поэмасы 19 ғ. өмір сүрген қазақ халқының әйгілі әншісі, ақыны Ақансері Қорамсаұлының өмірі туралы. Автордың ақындық талантын қалтқысыз танытқан бұл шығармасы 1937 жылы жазылды. Поэманың негізгі идеясы - ақынға деген халық құрметімен махаббатын көрсету, қатал заманда шеккен қасіреті мен қорлығын жеткізу. Бұл қазақ тарихында Ақанның құлагеріне қатысты тұңғыш жазылған әдеби әрі тарихи туынды. Поэманың 3 ерекшелігін атап өтуге болады:

1. Халықтың тұрмыстық өмірінің ас беру, бәйге жарыс, ас кезінде өткізілетін түрлі салтты ойындар сияқты көркем көрінісінің шебер суреттелуі. Автор осындай көріністер арқылы сол заманда орын алған әлеуметтік теңсіздікті ашып береді.
2. Ақанның өмірі мен өнерін халыққа паш ету, таланттың талайлы тағдырын кейінгі ұрпаққа жеткізу.
3. Терең психологизм. Автор Ақан басындағы трагедиялық халді де, өкінішін де, халық мұңын да шынайы сезіндіре суреттеп берген.

Поэманың тіл байлығы ерекше. Ақын бай құнарлы тілмен оқушыны баурап, жоғары эстетикамен жырлайды. Шығармадағы әдемі картиналар, айқын образдар эпикалық құлаш, романтикалық леп, нәзік лирикалық сезім 11 буынды кара өлең үлгісі «Құлагер» поэмасының Ілияс Жансүгіров шығармашылығының биік шыңы екеніне толық дәлел бола алады.



Ақан туған ортаны сөз еткенде, Ілияс ақын поэманы Көкше  
табиғатының әсем суреттерін жасаумен бастайды:

Көкшетау-жер жаннаты жеке біткен,

Бұл сұлу кең далада бойын күткен.

Жомарт тау,дастарханды,момақан тау,

Шипа тау тазартатын барлық дерттен...

Көк кілем балаусасы балбыраған,

Көк жібек жапырағы жалбыраған

Ақ қанат аспандағы сонда жауып

Балбұлақ таудан, тастан атқылаған...



## "Құлагер"

Жастықтың көңіл күйімен еркін жүріп, серілік өмір кешкен Ақан отыздан аса бере-ақ қабат-қабат қайғыға ұшырайды. Феодалдық салтпен тартысып жүріп қосылған сүйген жары Ұрқия қайтыс болады. Қыран құсы Қараторғай бір түнде өледі. Оның артынан қасқырға салған құшаланы жеп, құмай тазысы Базаралы өледі. Сөйтіп жүргенде ол 1876 жылы жүйрік аты Құлагерден айрылады. Осы жылы Керей руының паң Нұрмағамбет атанған үлкен байы Ереймен деген жерде әкесі Сағынайға ас беретін болып, сол асқа Ақан Құлагерді бәйгеге қоспақ боп, алып барады. Бәйгеге 323 ат қосылады. Бәрінің алдында келе жатқан Құлагерді бұрыннан Ақанмен өштесіп жүрген Батыраш, Қотыраш деген бай феодалдар соққыға жығып өлтіреді.

Ақан сері үшін Құлагер өлімі тіпті ауыр қайғыға айналады. Баласымен екеуі елсіздегі Қоскөл деген қамысты қопаны мекендеп, тау кезіп, иесіз даланы жайлап, өзгеден оғаш өмір сүреді. Тау-тасты күңіретіп, ән салады, өлең айтады. Құлагерге арнап бірнеше ән мен өлеңдер шығарады. Солардың ішінде ең көп тарағаны - «Құлагер» әні. Мұны Ақан жаулары өлтіріп кеткен Құлагерді іздеп тауып, соның басында отырып айтқан.

**«Құлагер» поэмасы**, сырт қарағанда, ақынның сәйгүлігі – Құлагердің мерт болуына арналған.

Өзгеге ұғындырмас өзі бұзбай,  
Сыншыдан сақта Құдай сортаң тұздай.  
Шатасқан шалдуырдан жиіркенем,  
Елімнің серісіне сөз айтқызбай, –



дейді. Бұл поэма жазылған кезде халықтың ұлттық салт-дәстүрін тоталитарлық тәртіп «ұлтшылдық» деп жариялап, тыйым салған еді. Осы жайларға байланысты Ілияс поэманың атын «Құлагер» деп алып, оқиғаны соның төңірегінде құрған да, өзінің мұратты ойын астарлап жеткізген. Сәкен “Көкшетау” поэмасы сюжетін тарихи аңыздарға сүйеніп жазса, Ілияс Көкше перзенті Ақан өмірін жырына арқау етті.



Поэма Ақан серінің жүйрік аты Құлагерге байланысты бір кезеңін суреттеуге арналған. Поэманың басында Көкше табиғатын суреттеу тұсында:

Ол күнде осы тауда жалғыз жан жүр,  
Дүниеден аулақтаған дабыр-дүбір.

Бір қу бас шал үстінде ілулі тұр,-деген сурет кездеседі. Бұл- Құлагер өлімінен кейін дүниеден безіп,жалғыздыққа берілген, атының басын жақсы өткен күндерінің белгісі етіп ұстаған Ақан суреті.





## Ақанның образы

Өмірді өткізген жан өз ыркымен.  
Керексіз кісі болған сол заманға,  
Қайткенмен бір жұмбақ бар Ақанда.  
Ез болмай, елге сыймай кім тұра алған,  
Жалғыз боп жанаса алмай барлық жанға.  
Тентіреп тауда, таста неге жүрді,  
Тасталып танылмаған асыл тастай?

...Ақандай осы тауда сері жүрген,  
Су ішіп, тауда шиі теріп жүрген.  
**Қайындай мінсіз, таудай таза жігіт,**

..Кісі емес Ақан төрде билік айтқан,  
Ұры емес ауыл торып, ел шулатқан...  
..Жүйрік ат, сонар саят, қыз-қырқынмен  
Алғыр ой, ақын, әнші – көп тоқыған.



# Тапсырма

Үзіндіні оқып, көркемдегіш құралдарды табамыз.

Дамыту сөздерін, сөз тіркестерін жаз.

- **Градация** (дамыту) – алдыңғы сөзден соңғы сөзді, алдыңғы ойдан соңғы ойды. Алдыңғы құбылыстан соңғы құбылысты асыра, асқақтата түсу (түйдектету, баяулату болып бөлінуі.)

## Қорытынды “Аяқталмаған сөйлем” әдісі

- -бүгінгі сабақта мен....түсіндім, ...білдім, ....көзімді жеткіздім.
- - бүгін сабақта қуантқаны.....
- -мен өзімді.....үшін мақтар едім.
- - маған ерекше ұнағаны.....
- - сабақтан соң маған.....келді
- -бүгін маған.....сәті түсті.
- -қызықты болғаны.....
- - .....қиындық тудырды.
- -менің түсінгенім.....
- -енді мен.....аламын.

# Жазылым тапсырмалары

- 129-133 беттегі үзіндге композициялық талдау жасау;
- Тест орындау;
- Тірек сөздер: сері, тұлпар, дұға, ат келбеті, сыншы, қызғаныш, -қолданып, қысқаша мазмұнын жазу;